




М.А. Дузнаева

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университет,
Павлодар, Қазақстан Республикасы*
 <https://orcid.org/0000-0003-3240-749X>
e-mail: madina.duznaeva@mail.ru

Д. К. Жексенова

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университет,
Павлодар, Қазақстан Республикасы*
 <https://orcid.org/0000-0001-9946-9033>
e-mail: dinaz83@mail.ru

Н. Б. Ағалиева

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университет,
Павлодар, Қазақстан Республикасы*
 <https://orcid.org/0000-0002-4401-8718>
e-mail: agalieva69@mail.ru

МҰҒАЛІМ ЖӘНЕ ОҚУШЫ ТІЛДІК ТҰЛҒА РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада тілдік тұлға түсінігі егжей-тегжейлі қаралады. Зерттеуші ғалымдар енгізген жүйелік модельдің түрі ұсынылып, қандай да бір мағынаны білдіру ұғымы, идеясы, тұжырымдамасы ретінде, сондай-ақ мақсаттары, уәждері, мүдделерін қамтитын прагматикалық ниеті ретінде тілдік тұлға тұжырымдалған. Мұғалім – сөйлеу мәдениетінің элитарлық және орта әдеби нысанын жеткізуші. Осыған байланысты мақалада сөз мәдениетінің элиталық түріне түсіндірме беріледі. Сондай-ақ, мұғалімнің референттік коммуникативтік тұлғасының бірнеше коммуникативтік қабілеттері ұсынылған. Сөз сөйлеу қызметін жүзеге асыру үшін оқушының тілдік тұлғасы тілдік, сөйлеу, коммуникативтік, әлеуметтік-мәдени және қызметтік нысандар болып табылады. Келтірілген мысалдарда бұл құзыреттіліктер мектеп бағдарламасымен анықталатыны көрсетілген. Мектепте мұғалім мен оқушының қарым-қатынасында мұғалім пікірінің маңыздылығы ескеріледі, сондай-ақ оқушылардың мінез-құлық ережелері, белгілі балалар кітаптарының мәтіндері, танымал фильмдер мен мультфильмдер, жарнама, балалар әндері мен хиттері негізгі прецеденттік құбылыстар болып табылатыны атап көрсетіледі. Оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыруға әсер ететін бірнеше факторлар санамаланған. Ең бастысы, мұғалімнің міндеті – оқушыларға кәсіби көмек көрсету, тіл тұлғасының жоғары түріне назар аудару.

Түйінді сөздер: тілдік тұлғасы, сөйлеу әрекеті, мұғалім, оқушы, құзыреттілік, коммуникативтік қабілеттер.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдемейді.

Мақаланың тарихы:

Алынған күні: 03.05.2023

Жариялануға қабылданған күні: 11.06.2023

Кіріспе

Соңғы жылдары тілдік тұлға аспектісіне деген қызығушылық тіл білімінде ғана емес, психологияда, философияда және лингводидактикада да тілге байланысты барлық пәндерде айтарлықтай өсті. «Тілдік тұлға» қазіргі кездегі ең қызықты, менің ойымша, жалпы және қазақ тіл білімінің мәселелерін анықтайтын және талқылайтын негізгі тұжырымдама болып табылады. Тілдік тұлға дегеніміз – сөйлеу туындыларын (мәтіндерін) жасауды және қабылдауды анықтайтын адамның қабілеттері мен сипаттамаларының жиынтығы. Мақала тақырыбының өзектілігі – адамның сөйлеу қабілеттері мен ерекшеліктерін түсінудің маңыздылығына және оларды тілдік тұлғаның толыққанды бейнесін жасау үшін ғылыми тұрғыдан қарастыру.

Тілдік тұлғаның құрылымы үш деңгейден тұрады:

1) тасымалдаушы үшін табиғи тілді қалыпты меңгеруді көздейтін вербалды-семантикалық, ал зерттеуші үшін – белгілі бір мағыналарды білдірудің формалды құралдарының дәстүрлі сипаттамасы;

2) когнитивті, оның бірліктері әрбір тілдік даралықта құндылықтар иерархиясын көрсететін көп немесе аз реттелген, көп немесе аз жүйеленген «әлем бейнесіне» қалыптасатын ұғымдар, идеялар, тұжырымдамалар болып табылады. Тілдік тұлға құрылымының және оны талдаудың танымдық деңгейі мағынаның кеңеюін және білімге көшуді білдіреді, яғни зерттеушіге тіл арқылы, сөйлеу және түсіну процестері арқылы — білімге, санаға, адамның таным процестеріне жол бере отырып, тұлғаның зияткерлік саласын қамтиды;

3) мақсаттарды, уәждерді, мүдделерді, көзқарастар мен ниеттерді қамтитын прагматикалық. Бұл деңгей тілдік тұлғаны талдауда оның сөйлеу әрекетін бағалаудан әлемдегі нақты іс-әрекетті түсінуге тұрақты және шартты ауысуды қамтамасыз етеді.

«Тілдік тұлға» ұғымын – мәтіндерді құру мен қабылдауды анықтайтын адамның қабілеттері мен сипаттамаларының жиынтығы ретінде ХХ ғасырдың 30-шы жылдары В.В. Виноградов ғылыми қолданысқа енгізді. Содан бері ол Ю.Н. Караулов, Г.И. Богин, Ю.В. Рождественский, О.Б. Сиротинина және т. б. ғалымдар зерттеуінде қарастырылды. Бұл зерттеулерде тілдік тұлға ұғымы белгілі бір жүйелік модель түрінде ұсынылды. Аталмыш ғалымдар еңбектерінде тілдік тұлға белгілі бір мәндерді білдірудің ресми құралдарының сипаттамасы ретінде, когнитивті-тезаурусты, оның бірліктері әрбір тілдік даралықта құндылықтар иерархиясын көрсететін көп немесе аз реттелген, көп немесе аз жүйеленген «әлем бейнесіне» қалыптасатын ұғымдар, идеялар, тұжырымдамалар ретінде, сондай-ақ мақсаттарды, уәждерді, мүдделерді қамтитын прагматикалық (мотивациялық) ниет ретінде тұжырымдалды.

Материалдар мен әдістер

Мақалада келтірілген материалдар ғалымдардың (Ю.Н. Караулов, Г.И. Богин, Ю.В. Рождественский, О.Б. Сиротинина) зерттеулері негізінде алынған. Теориялық материал жинақталып, талданып, бір жүйеге келтірілді. Ғалымдардың пікірлері негізінде жалпы қорытынды шығарылды. Қойылған міндеттерді орындау үшін бақылау, өңдеу, салыстыруға негізделген сипаттамалық әдіс, семантикалық құрылымды компоненттік және контекстік талдау әдістері қолданылды.

Семантикалық құрылымды компоненттік және контекстік талдау әдістері тіл мен мәтінді зерттеудегі семантикалық компоненттерді, олардың өзара байланыстары мен контекстік ерекшеліктерін анықтау және талдау үшін маңызды тәсілдер болып табылады.

Біздің талдау мен теориялық материалды жүйелеудің негізгі нәтижелеріне қысқаша шолу жасалды. Ғалымдардың пікірлері мен теориялық материалдарды талдау негізінде біз жасаған ережелер мен қорытындылар анықталды.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі уақытта адамның ерекшеліктері мен даралығын көрсететін тілдік тұлғаны зерттеу барған сайын өзекті болып келеді және лингвистер арасында зерттеу қызығушылығын тудырады. Ғылым үшін бұдан маңызды ештеңе жоқ; «гуманистік философиялық және психологиялық ұғымдарда тұлға – бұл қоғамның дамуы жүзеге асырылатын құндылық ретінде адам. Тұлға – адам әлеуметтік қатынастар мен саналы іс- әрекеттің субъектісі ретінде; бірлескен қызмет пен қарым-қатынаста қалыптасатын адамның сапасы. Табиғи тілде «тұлға» сөзі ең алдымен басқа адамдардың адамды қалай көретінін білдіру үшін қолданылады, бұл жағдайда тұлға қоғамнан, мәдениеттен тыс жерде болмайды» (Канчер, 2002, 147 б.). Тілдік тұлға табиғаты күрделі құбылыс, оның құрылымы да сондай күрделі, сондықтан оны анықтау оңайға түспейтіні анық. Бұл жөнінде қалыптасқан пікірлер де көп. Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаны зерттеудің маңыздылығы туралы айта отырып, тілдік тұлға тілді зерттеумен байланысты зерттеулерде және басқа ғылымдарда басымдыққа ие болатындығын атап өтті (Караулов, 1989, 3 б.).

И.П. Сусов адамның даралығын, оның бірегейлігін білудегі тілді зерттеудің маңыздылығы туралы бірдей пікірде. Тілді адамға тән құбылыс ретінде зерттеуде адам табиғатының ерекшеліктерін зерттейтін басқа пәндер де назардан тыс қалмайды. Тілдік тұлғаны, яғни адамның интеллектуалды дамуын, оның психо-эмоционалды жағдайын, шығармашылық әлеуетін зерттеу бүкіл адамзаттың танымының жаһандық проблемаларын анықтауға жағдай тудырады (Сусов, 1990, 103 б.). В.А. Маслова халықтың мәдениеті, дәстүрлері, қоғамдық сана, ұлттың, халықтың стереотиптері мен мінез-құлық нормалары тілдік тұлғаның өмір сүруінің және қалыптасуының кеңістігі болып табылады деп жазады. Автордың пікірінше, өз кезегінде мағыналар тұжырымдамасы болып табылатын ұлт құндылықтары мәдениетте шешуші рөл атқарады (Маслова, 2004, 118–119 б.). М.А. Мигненко «тілдік тұлға жалпыдан тұрады, өйткені ол бүкіл адамзат жасаған тілдік байлықты иемдену арқылы және жеке тілдік мағыналарды қалыптастыру арқылы қалыптасады. Адам тілдік дәстүрлердің қалыптасуына әсер ете алатындығына қарамастан» (Мигненко, 2007, 134 б.) автор тілдік тұлғаның әлеуметтік сипатына баса назар аударады, өйткені ол жеке адамға қарағанда әлдеқайда жалпы.

Т.В. Самосенкованың пікірінше, кез-келген адамның әлемнің өзіндік бейнесі бар, ол осы әлеммен өзара әрекеттесу кезінде қалыптасады және тілдік тұлғаның негізгі құрамдас бөлігі болып табылады (Самосенкова, 2006, 385 б.). Тілдік тұлға Ю.Н. Караулов бойынша үш деңгейге бөлінетін. Оның алғашқысы нөлдік деңгей немесе вербалды-семантикалық деп аталады. Осы бірінші (вербалды-семантикалық) деңгейде мұғалімнің дамыған тілдік тұлғасын мынадай біліктер мен дағдылар сипаттайды (тілдік құзыреттілік):

- 1) тіл жүйесін, оның грамматикалық және лексикалық нормаларын меңгеру;
- 2) мәтіндік және стилистикалық деңгейде сөйлеу жүйесін меңгеру;
- 3) күрделі мәтіндерді құру мен қабылдауды меңгеру.

Бұл жерде сөз етіп отырғанымыз, мектепте тіл мен әдебиет сабақтарынан беретін мұғалім коммуникативтік құзіреті жоғары дәрежедегі тілдік тұлға ретінде қабылданады. Мұғалімнің тілдік құзіреттілігіне жоғарыда аталған үш тұжырымды атап көрсетеді зерттеушілер. Социолингвистикалық құзыреттілік (екінші, когнитивті-тезаурус деңгейі) тілді қолданудың әлеуметтік-мәдени жағдайларына, қарым-қатынас саласы, тақырып, стиль, жанр деңгейінде сөйлеу туындыларын қолданудың әлеуметтік нормаларын білуге қатысты. Коммуникативті-прагматикалық құзыреттілік тыңдаушы мен сөйлеушінің ниетіне байланысты тілдік құралдарды жүзеге асырумен байланысты; бұл сөйлеуші мен тыңдаушының рөлдерін, қарым-қатынастағы серіктестіктің әлеуметтік және психологиялық рөлдерін иелену; әртүрлі кооперативті және қайшылықты коммуникативті эпизодтардағы қарым-қатынастың прагматикалық заңдылықтарын білу (соңғысынан шығу үшін); мәртебелік және рөлдік позициялардың этикалық және этикет нормаларын білу.

Мұғалім сөйлеу мәдениетінің элиталық (анықтамалық) және орташа әдеби түрінің тасымалдаушысы бола алады. О.Б. Сиротининаның анықтамасы бойынша «сөйлеу мәдениетінің элиталық түрі – бұл жалпы мәдениеттің толық формасындағы көрінісі: әлемдік және ұлттық мәдениеттің жетістіктеріне пассивті иелік ету (материалдық мәдениеттің артефактілерін білу, әдеби шедеврлермен, өнер шедеврлерімен танысу, кем дегенде ғылым данышпандары туралы идея және т. б.). Бұл пассивті де, белсенді лексиканың да байлығын қамтамасыз ететін жалпы мәдени компонент. Элиталық типтегі сөйлеу мәдениеті сөйлеушінің (жазушының) санасымен кең мәдени мәнге ие, әртүрлі прецеденттік мәтіндерді кеңінен қамтуға негізделген. Дәл осындай мәтіндерде сөйлеу мәдениетінің элиталық түрінің тасымалдаушысы өз сөзінде назар аударады» (Сиротинина, 2001, 16 б.).

Мұғалімнің анықтамалық коммуникативті тұлғасы келесі коммуникативті қабілеттерге ие:

- 1) қазіргі қазақ тіліне қатысты әдеби-тілдік норма туралы терең жүйелі түсінікке ие;
- 2) сөйлеу жүйелілігі және нормативтілік туралы кеңейтілген және терең түсінікке ие;
- 3) қазіргі қоғамда қабылданған тілді қолданудың негізгі принциптерін түсінеді, күнделікті сөйлеу практикасында олардан ықтимал ауытқулардың себептері мен шеңберін нақты біледі;
- 4) ол үшін іс жүзінде өзекті салаларда және қосалқы салаларда сөйлеуді қабылдау критерийлерін жақсы біледі;
- 5) Ол үшін іс жүзінде өзекті салалар мен қосалқы салаларда сөйлеу мәдениеті өлшемдерін жақсы біледі;
- 6) мазмұнды және/немесе құрылымдық-күрделі туындыларды көп сатылы етудің заңдылықтарын біледі;
- 7) күрделі кешенді жағдайларда қарым-қатынас заңдылықтарын және осы саладағы мәдени-сөйлеу критерийлерін біледі;
- 8) сөйлеудің функционалды мәдениеті тұрғысынан күрделі қарым-қатынас жағдайындағы рөлдік стратегия мен тактиканы біледі;

9) сөйлейтін тұлғаның және оның ұжымының тіл мәдениетінде қабылданған қарым- қатынас мәртебелік нормаларын мұқият сақтайды.

О.Б. Сиротинина әдеби орта деп аталатын сөйлеу мәдениетінің тағы бір түрі жоғары білімі бар адамдардың көпшілігі және орта білімі бар адамдардың көпшілігі осы типтегі тасымалдаушыларға жататындығымен сипатталатындығын айтады. «Бұл тип адамның жалпы мәдениетін жеңілдетілген және толық емес нұсқада бейнелейді. Сонымен қатар, орташа әдеби типке тән белгі – бұл оның зияткерлік сипатына түбегейлі қанағаттану, білім мен дағдысын кеңейтуді қажет деп санамайды. Өзінің қаншалықты дәрежеде екенін тексеріп те көргісі келмейді. Өзінен гөрі көбінесе ақпараттық құралдарға арқа сүйейді. Бір жағдайды дәлелдегісі келсе «*Радиодан хабарлады*», «*Теледидарда көрсетті*» деген сілтемелерді жиі жасайды. Теледидар және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ танымал әдебиеттерге, көбінесе авторитеттің пікіріне сүйенеді. Мұндай мәтіндердің сөйлеу қабілетінің нашарлығын орта әдеби типтегі тасымалдаушылар түсінбейді (Сиротинина, 1997, 7–12 б.).

Оқушының тілдік тұлғасы оқу жағдайының типтік жағдайында сөйлеу әрекетін жүзеге асыру үшін құзыреттілік жиынтығына ие. Ол құзыреттіліктер қатарына тілдік, сөйлеу, коммуникативті, әлеуметтік-мәдени және белсенділік жатады. Тілдік құзыреттілік оқушылардың лингвистикалық теориядан хабардарлығын, тілдік теорияларды сөйлеу кезінде тіл құралдарын қолдануды реттейтін ережелер мен жалпы ережелер жүйесі ретінде түсінуі мен негізгі дағдыларды (лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, орфоэпиялық және орфографиялық) қамтиды.

Оқушының «сөйлеу құзыреттілігі» ұғымына сөйлеу теориясы, қарым-қатынастың әртүрлі салаларында сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерін меңгеру; сөйлеу мінез-құлқы, полемика және сыни ойлау мәдениетін меңгеру кіреді. Коммуникативтік оқушының сөйлеу жағдайын талдауға және оған сәйкес сөйлеу мінез-құлқының бағдарламасын (ауызша және вербальды емес) таңдауға; басқа адамдармен қарым-қатынаста қажетті байланыстарды орнатуға және сақтауға, яғни сөйлеу хабарламаларын прагматикалық контекстке сәйкес қабылдауға және құруға қабілеттілігін білдіреді.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – тілді ұлттық мәдениетті, тіл мен халық тарихының өзара байланысын, қазақ тілінің ұлттық-мәдени ерекшелігін білдіру нысаны ретінде түсіну, қазақ сөйлеу этикетінің нормаларын, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін білу; ұлттық тұрмыс және салт-дәстүр, бейнелеу өнері және халық ауыз шығармашылығының заттары мен құбылыстарының атауларын білу. Белсенділік құзыреттілігі шығармашылық қабілеттерін дамытуды, ең алдымен, көрсетілген рефлексия ретінде түсіндіру қабілетін қамтиды. Рефлексияның көрінісі қазіргі орта және жоғары мектептің сынып-сабақ жүйесіне сәйкес келетін ең үлкен құндылық болып табылады. Бұл құзыреттер мектеп бағдарламасымен анықталады.

Кіші жастағы бастауыш сынып оқушылары жатады. Яғни, 1-4 сынып оқушылары. Олар уақытының көп бөлігін мектепте өткізеді. Оқудың басталуы 1-сынып үшін бұл жаңа байланыстар, жаңа қатынастар, жаңа міндеттер. Бұл бала үшін ерекше кезең. Жаңа достар, жаңа қатынастар, білім үйрену т.б. Топпен жұмыс жасауды үйенеді. Бұрын бір отбасының жалғыз баласы болуы мүмкін. Араларында бала-бақшаға бармаған балалар да болады. Енді балада топпен белсенді қарым-қатынас орнай бастайды.

«Бала және мұғалім» жүйесі оқушының ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасын анықтай бастайды. Бұл көзқарас алғаш рет «бала және қоғамы» көзқарасына айналады. Мұғалім ақпараттың негізгі көзі болып табылады (ол сұрақтар қояды және жауаптарды бағалайды); мұғалім бала үшін авторитет болады.

Мектептегі мұғалім мен оқушының қарым-қатынасында мұғалім пікір маңызды. Ол оқушыға өз пікірін жасырмай, жетістіктері мен кемшіліктерін ашып айта алады. Мұғалімнен *«Мен сеннен мұны күтпеген едім», «Сен мен күткендей болмадың», «Сенің қолыңнан келеді»* және т.б. репликаларды мұғалім аузынан естіп жатамыз. Бұл – дұрыс. Мұғалім – оқушыны қалыптастырушы тұлға. Мектептегі мұғалім мен оқушының іскерлік және жеке қарым-қатынасы бір-бірімен байланысты. Бастаушы сынып оқушыларына іскерлік қатынастарға көшу қиын, ал оқудың басында олар үйде қолданылатын қарым-қатынас түрін қолдануға тырысады. Мәселен, *«Апай, мен жақсы жаздым ба?»*, *«Менің жазғым келмейді»*, *«Менің диктант жазғым келмейді»* т.б.

Бұлай болары заңды да. Оқушы мектеп табалдырығын бірінші аттап отыр. Оған дейін еркіндікте өскен. Ортақ тәртіпке бірден сіңісіп кете алмайды. Ал 4-сыныпта мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас стилі айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Балалар мұғалімге негізінен білім беру мәселелерімен ғана жүгінуге тырысады. Бұрынғыдай *«жазғым келмейді»* сияқты сөздерді айтуға болмайтынын біледі. Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы әлеуметтік аймақта жүреді. Бұл дегеніміз, тек мектепке, оқуға байланысты әлеуметтік ортаның қарым-қатынасы қатаң сақаталады. Ал олар жасөспірім шаққа жеткенде көзқарастары өзгере бастайды. Ол кезде балалар үшін «өз ортасы», достар маңызды бола бастайды. Негізгі билік мұғалім емес, көше, ата-ана. Содан кейін мұғалім.

Монологтық сөйлеу дамиды: монологтардың көлемі, олардың ұзақтығы 1-сыныпта 15–30 секундтан, 4-сыныпқа дейін 2–7 минутқа дейін. Балалар монолог тақырыбынан жиі қайталанса да, ауытқу болса да, үйлесімді мәтін құрылымының ерекшеліктерін біледі және түсінеді. Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста тақырыптық табулардың таралу механизмі қалыптасуда. Сөйлеудің этикет жанрларын қолдану жиілігінің жоғарылауы байқалады. Жиілік – бағалаудың сөйлеу жанрлары. 4-сыныпқа қарай ересектермен қарым-қатынаста бірбеткейлігі төмендейді, балалар 1-сыныпқа қарағанда ересектермен дау кезінде төмендей бастайды. Ересектер пікіріне қатты дау айта алмайды. Бірақ қарым-қатынас процесіне қанағаттанбау артады. Өз сөйлеуінде немесе құрдастарының сөйлеуінде қателіктерді байқайтын балалардың саны едәуір артады.

4-сыныпқа қарай ана тілін оң эмоционалды-эстетикалық бағалау үлесі едәуір артады. Тілдік және сөйлеу рефлексиясының дамуы жүреді, сөйлеу қабілеті дамиды. Бұл жерде дұрыс сөйлеу, жазу әрекеттерін айтып отырмыз.

Негізгі прецеденттік құбылыстарға мұғалімнің тұжырымдары (кіші оқушы үшін ең беделді тұлға), оқушылардың мінез-құлық ережелері, әйгілі балалар кітаптарының мәтіндері, танымал фильмдер мен мультфильмдер, жарнамалар, балалар әндері мен хиттер жатады.

Баланың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – бала өскен жағдайлар мен орталар. Бұл аталғандар ата-аналардың тілдік тұлғасының түрі балалардың жеке басының қалыптасуына үлкен әсер етеді. Әрине, қалыптасу өмір

бойы жүреді, бірақ балалық шақта көп нәрсе жасалады. Сондықтан психологтар мен педагогтарымыздың бала кездегі қалыптасуға үлкен мән беретіні содан.

Екінші фактор – мұғалімдердің тілдік тұлғаларының түрлері және мектептегі оқу процесінің өзі. Жақсы немесе жаман мұғалімдер, мұғалімдердің талап ету дәрежесі және оқушының еңбек ету дәрежесі, үй, мектеп, қалалық кітапхана мүмкіндіктері, осының бәрі қалыптасқан тілдік тұлғаға әсер етеді.

Үшінші фактор – прецеденттік мәтіндердің сипаты, яғни жеке тұлға үлгілі деп бағдарланған мәтіндер. Прецеденттік мәтіндер көбінесе оқудан гөрі тиімді факторлар болып табылады: оқушылар дұрыс емес жауаптың немесе теледидарға, ата-аналарға, мұғалімдерге сілтеме жасаудың дұрыстығын дәлелдейді: «*Ол туралы теледидарда айтты, мен өзім естідім*», «*Неге қоңырау шалып жатыр? Біздің үйде бәрі «қоңырау шалады», «Қоңырау соғады», «Біздің мұғалім әрқашан: рюкзактарға артық ештеңе салмаңыз*» дейді.

Сөздік қолданыстарында фильмдерден алынған цитаталар жиі келтіріліп жатады. Осылардың барлығы оқушының сөздік қорының қалыптасуына әсер етеді. Екінші жағынан, жеке тұлғаның индивид ретінде жоғалуына апарады. Шын мәнінде, тілдік тұлғаның жеке ерекшеліктері белгілі бір тілдік құралды, тілдік талғамға байланысты саналы таңдауды қалауда көрінеді. Прецеденттік мәтіндердің қолданылатын шеңбері мектеп оқушыларын «жалпы орыс типінің» өкілдері ретінде емес, Ұлттық емес тұлға ретінде сипаттайды деген болатын орыс тіліндегі тілдік тұлға туралы жазған Ю.Н. Караулов. Көптеген қолданылған прецеденттік мәтіндердің дыбысының пародиясы орта мектеп оқушыларының сөйлеуіндегі барлық маңызды ұғымдарды литотизациялаудың жалпы тенденциясына сәйкес келеді. Сөйлеу және бұқаралық ақпарат құралдарындағы прецеденттік мәтіндердің рөлін күшейту сөйлеу мінез-құлқының болжамдылығының артуына ықпал етеді.

Сонымен, мұғалім мен оқушылар тілдік тұлға ретінде әрекет етеді. Оқу-педагогикалық қарым-қатынастағы өзара әрекет төмендегідей сәйкестіктерге құрылады: әлеуметтік-мәртебелік рөл (оқушы-мұғалім), ситуациялық рөл (сұрақ қоюшы), қызмет түрі (мысалы, микротоптарда оқу ынтымақтастығы процесінде «оқу-оқушы»).

Қорытынды

Қоғамдық-саяси өмірді демократияландыру, білім беруді ізгілендіру адамның коммуникативтік мүмкіндіктерін дамытуды талап ететін жеке басының қалыптасуының алғышарттарын жасайды. Қазіргі қоғамға қарым-қатынас мәдениетінің негіздерін білетін, ерекше ойлауға, сендіруге, командада жұмыс істеуге, проблемаларды шешу үшін жауапкершілікті алуға қабілетті адамдар қажет. Өз бетінше ойлау қабілеті, ойлау, дәлелдеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, фактілерді салыстыру қабілеті адамға туғаннан берілмейді. Мұны мектеп жасынан бастап үйрету керек деп санаймын. Қазіргі қоғамға тілдік (лексикалық және грамматикалық) құралдардың үлкен қорын еркін меңгерген, оларды нақты коммуникативті жағдайды ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі түрлерінде (монолог, диалог және полилогиялық қарым-қатынастың басқа түрлері) дұрыс және тиімді қолданатын адам қажет. Мұғалімнің міндеті – оларға кәсіби түрде көмектесу, тілдік тұлғасының жоғары түріне назар аудару деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

Канчер М.А. Языковая личность телеведущего в рамках русского риторического этноса (на материале игровых программ): автореф. канд. филол. наук. Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2002. 14 с.

Караулов Ю.Н. Русская языковая личность и задачи ее изучения // *Язык и личность*. Москва: Наука, 1989. С. 3–8.

Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Москва: Тетра Системс, 2004. 256 с.

Мигненко М.А. Языковая личность в пространстве культуры // *Современная лингвистика: теория и практика*. Мат-лы 7-й Межвуз. научно-методич. конф. Ч. 1. Краснодар: КВВАУЛ, 2007. С. 132–134.

Самосенкова Т.В. Языковая картина мира и формирование языковой личности иностранного студента в процессе обучения культуре профессионального речевого общения // *Научно-теоретический журнал по языкознанию*. 2006. №11. С. 384–387

Сиротинина О.Б. Основные критерии хорошей речи // *Хорошая речь*. Саратов, 2001. С. 16–28.

Сиротинина О.Б. Языковая личность и факторы, влияющие на ее становление // *Термин и слово*. Нижний Новгород, 1997. С.7–12.

Сусов И.П. Прагматика дискурса и этнолингвистические проблемы // *Прагматика этноспецифического дискурса*. Бэлць, 1990. С. 2–5.

References

Kancher, M.A. (2002). *Yazykovaya lichnost' televedushchego v ramkakh russkogo ritoricheskogo etnosa (na materiale igrovykh programm): avtoref. kand. filol. nauk* [The linguistic personality of a TV presenter within the framework of the Russian rhetorical ethos (based on the material of game programs): abstract of the Candidate of Philology]. Yekaterinburg: Izd-vo Ural. un-ta. (in Russ.)

Karaulov, Yu.N. (1989). *Russkaya yazykovaya lichnost' i zadachi yeye izucheniya* [The Russian language personality and the tasks of its study]. In *Yazyk i lichnost'*. Moskva: Nauka, 3–8. (in Russ.)

Maslova, V.A. (2004). *Kognitivnaya lingvistika* [Cognitive linguistics]. Moskva: Tetra Systems. (in Russ.)

Mignenko, M.A. (2007). *Yazykovaya lichnost' v prostranstve kul'tury* [Linguistic personality in the space of culture]. In *Sovremennaya lingvistika: teoriya i praktika. Mat-ly 7-y Mezhvuz.nauchno-metodich.konf.* Ch. 1. Krasnodar: KVVAUL, 132–134. (in Russ.)

Samosenkova, T.V. (2006). *Yazykovaya kartina mira i formirovaniye yazykovoy lichnosti inostrannogo studenta v protsesse obucheniya kul'ture professionalbnogo rechevogo obshcheniya* [The linguistic picture of the world and the formation of the linguistic personality of a foreign student in the process of teaching the culture of professional speech communication]. *Nauchno-teoreticheskiy zhurnal po yazykoznaniiyu 11*, 384–387. (in Russ.)

Sirotnina, O.B. (1997). *Yazykovaya lichnost' i faktory, vliyayushchiye na yeye stanovleniye* [Linguistic personality and factors influencing its formation]. In *Termin i slovo*. Nizhniy Novgorod, 7–12. (in Russ.)

Sirotnina, O.B. (2001). *Osnovnyye kriterii khoroshey rechi* [The main criteria for good speech]. *Khoroshaya rech'*. Saratov, 16–28. (in Russ.)

Susov, I. P. (1990). *Pragmatika diskursa i etnolingvisticheskiye problemy* [Pragmatics of discourse and ethnolinguistic problems]. In *Pragmatika etnospetsificheskogo diskursa*. Belts', 2–5. (in Russ.)

М. А. Дузнаева

*Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан,
Павлодар, Республика Казахстан
e-mail: madina.duznaeva@mail.ru*

Д. К. Жексенова

*Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан,
Павлодар, Республика Казахстан
e-mail: dinaz83@mail.ru*

Н. Б. Агалиева

*Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан,
Павлодар, Республика Казахстан
e-mail: agalieva69@mail.ru*

УЧИТЕЛЬ И УЧЕНИК КАК ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ

Аннотация. В статье подробно рассматривается понятие языковой личности. Предложен тип системной модели, введенной учеными-исследователями, и сформулирована языковая личность как понятия, идеи, концепции выражения тех или иных значений, а также как прагматическое намерение, включающее цели, мотивы, интересы. Учитель-носитель элитарной и средней литературной формы речевой культуры. В связи с этим в статье дается трактовка элитного типа культуры речи. Также представлены несколько коммуникативных способностей референтной коммуникативной личности учителя. Речь шла о том, что языковая личность учащегося для осуществления речевой деятельности в набор компетенций входят языковые, речевые, коммуникативные, социокультурные и деятельностные формы. На приведенных примерах показано, что эти компетенции определяются школьной программой. В отношениях учителя и ученика в школе учитывается важность мнения учителя, а также подчеркивается, что основными прецедентными явлениями являются правила поведения учащихся, тексты известных детских книг, популярные фильмы и мультфильмы, реклама, детские песни и хиты. Перечислено несколько факторов, влияющих на формирование языковой личности учащегося. Главная задача учителя - профессионально помогать ученикам, уделять внимание учащимся с высоким уровнем развития языковой личности.

Ключевые слова: языковая личность, речевая деятельность, учитель, ученик, компетентность, коммуникативные способности.

M.A. Duznaeva

*Pavlodar pedagogical university named after A. Margulan,
Pavlodar, Republic of Kazakhstan
e-mail: madina.duznaeva@mail.ru*

D.K. Zheksenova

*Pavlodar pedagogical university named after A. Margulan,
Pavlodar, Republic of Kazakhstan
e-mail: dinaz83@mail.ru*

N. B. Agalieva

*Pavlodar pedagogical university named after A. Margulan,
Pavlodar, Republic of Kazakhstan
e-mail: agalieva69@mail.ru*

TEACHER AND STUDENT AS A LINGUISTIC PERSONALITY

Abstract. The article discusses in detail the concept of linguistic personality. The type of systemic model proposed by researchers is introduced, and the linguistic personality is formulated as a notion, idea, or concept expressing certain meanings, as well as a pragmatic intention that includes goals, motives, and interests. The teacher is a carrier of elite and average literary forms of speech culture. In connection with this, the article provides an interpretation of the elite type of speech culture. Several communicative abilities of the referential communicative personality of the teacher are also presented. It was mentioned that the linguistic personality of a student, for the implementation of speech activities, includes a set of competencies such as linguistic, speech, communicative, sociocultural, and activity forms. The examples provided show that these competencies are determined by the school curriculum. In the teacher-student relationships at school, the importance of the teacher's opinion is taken into account, and it is emphasized that the main precedent phenomena are the rules of student behavior, texts from well-known children's books, popular movies and cartoons, advertisements, children's songs, and hits. Several factors influencing the formation of the linguistic personality of the student are listed. The main task of the teacher is professionally to assist students, paying attention to the high type of linguistic personality.

Keywords: linguistic personality, speech activity, teacher, student, competence, communicative abilities.

Авторлық үлестер

Дузнаева М.А. – концептуалдау, формалды талдау, әдіснама, жазу – шолу және редакциялау.

Жексенова Д.К. – әдістеме, формалды талдау, рөлдер/жазу – бастапқы нобай, жазу.

Ағалиева Н.Б. – концептуалдау, формалды талдау, әдіснама, жазу – шолу және редакциялау.